

**Динара Есенгельдиевна Мырзаханова<sup>1\*</sup>, Жарас Турысбекович Таубаев<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup> автор-корреспондент, докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0008-3040-095X E-mail: dinara\_myrzakhanova@mail.ru

<sup>2</sup> философия докторы (PhD), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0008-8650-2904 E-mail: zharasxiansheng@mail.ru

**ЭПОНИМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУДАҒЫ ЗЕРТТЕЛУ ҮРДІСІ**

**Андатпа.** Эпонимдер – белгілі бір тарихи тұлғалардың, мәдени құбылыстардың немесе әлеуметтік оқиғалардың атауымен байланысты қалыптасқан тілдік бірліктер. Олар тілде тек атау қызметін ғана атқармай, белгілі бір кезеңнің мәдени тәжірибесін, тарихи жадын және қоғамдық түсініктерін сақтайтын лингвомәдени құбылыс ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда эпонимдерді зерттеу тіл мен мәдениеттің өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты – эпонимдердің лингвомәдениеттанудағы орнын анықтау, олардың қалыптасу жолдарын, семантикалық ерекшеліктерін және қазақ, ағылшын тілдеріндегі қолданыс сипатын қарастыру. Сонымен қатар эпонимдердің мәдени ақпаратты жеткізудегі қызметін айқындау негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Зерттеу барысында лингвомәдени талдау, этимологиялық талдау, салыстырмалы талдау, квалитативті талдау әдістері қолданылды. Талдау материалы ретінде әртүрлі ғылыми салаларда және қоғамдық қолданыста кездесетін эпонимдік атаулар қарастырылды. Зерттеу нәтижелері эпонимдердің тек терминологиялық бірлік ретінде емес, мәдени-танымдық мазмұны бар тілдік құбылыс екенін көрсетеді. Олар тарихи тұлғалармен, мәдени тәжірибемен және әлеуметтік өзгерістермен байланысты қалыптасып, уақыт өте келе жалпы тілдік қолданысқа енеді. Сонымен қатар жаһандану, мәдени ықпалдастық және тарихи-саяси өзгерістер эпонимдердің таралуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі екендігі анықталды. Жүргізілген зерттеу эпонимдерді лингвомәдениеттану тұрғысынан қарастырудың маңызын айқындайды және олардың ұлттық мәдени кодты танымдағы рөлін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері эпонимдерді жүйелеу мен түсіндіруде, сондай-ақ лингвистика, ономастика және мәдениеттану салаларындағы зерттеулерде қолданылуы мүмкін.

**Тірек сөздер:** эпоним; лингвомәдениеттану; жалқы есім; жалпы есім; ұлттық мәдени код

**Сілтеме жасау үшін:** Мырзаханова Д.Е., Таубаев Ж.Т. Эпонимдердің лингвомәдениеттанудағы зерттелу үрдісі. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). 124-134-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-124-134>

**Динара Есенгельдиевна Мырзаханова<sup>1\*</sup>, Жарас Турысбекович Таубаев<sup>2</sup>**

<sup>1\*</sup> автор-корреспондент, докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0008-3040-095X E-mail: dinara\_myrzakhanova@mail.ru

<sup>2</sup> доктор философии (PhD), Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0008-8650-2904 E-mail: zharasxiansheng@mail.ru

**ТЕНДЕНЦИИ ИЗУЧЕНИЯ ЭПОНИМОВ В ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИИ**

**Аннотация.** Эпонимы представляют собой языковые единицы, сформировавшиеся на основе имен исторических личностей, культурных явлений или социальных событий. В языке они выполняют не только номинативную функцию, но и отражают культурный опыт определённой эпохи, историческую память и общественные представления, выступая как лингвокультурное явление. В этом контексте изучение эпонимов позволяет глубже раскрыть взаимосвязь языка и культуры. Цель исследования заключается в определении места эпонимов в лингвокультурологии, а также в рассмотрении путей их формирования, семантических особенностей и характера употребления в казахском и английском языках. Одной из основных задач работы является выявление роли эпонимов в передаче культурной информации. В ходе исследования были использованы методы лингвокультурологического и этимологического анализа, сравнительный метод, а также качественный подход к анализу языкового материала. Материалом исследования послужили эпонимические наименования, функционирующие в различных научных областях и общезыковой практике. Результаты исследования показывают, что эпонимы следует рассматривать не только как терминологические единицы, но и как языковые феномены, обладающие культурно-познавательным содержанием. Они формируются в связи с историческими личностями, культурным опытом и социальными изменениями, постепенно закрепляясь в общезыковом употреблении. Установлено, что глобализация, культурные контакты и историко-политические изменения являются важными факторами распространения эпонимов. Проведённое исследование демонстрирует значимость изучения эпонимов в рамках лингвокультурологии и позволяет определить их роль в репрезентации национального культурного кода. Полученные результаты могут быть использованы в исследованиях по лингвистике, ономастике и

культурология.

**Ключевые слова:** эпоним; лингвокультурология; имя собственное; имя нарицательное; национальный культурный код

**Для цитирования:** Мырзаханова Д.Е., Таубаев Ж.Т. Тенденции изучения эпонимов в лингвокультурологии. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). С. 124-134. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-124-134>

### Dinara Myrzakhanova<sup>1\*</sup>, Zharas Taubayev<sup>2</sup>

<sup>1\*</sup>Corresponding Author, Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0008-3040-095X E-mail: dinara\_myrzakhanova@mail.ru

<sup>2</sup>Doctor of Philosophy (PhD), Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0008-8650-2904 E-mail: zharasxiansheng@mail.ru

## TRENDS IN THE STUDY OF EPONYMS IN LINGUOCULTURAL RESEARCH

**Abstract.** Eponyms are linguistic units formed on the basis of the names of historical figures, cultural phenomena, or significant social events. In language, they perform not only a nominative function but also reflect the cultural experience of a particular historical period, collective memory, and social perceptions. For this reason, eponyms can be regarded as a linguocultural phenomenon that preserves and transmits cultural information through language. The study of eponyms therefore provides an opportunity to explore the relationship between language and culture. The aim of this research is to determine the place of eponyms within linguoculturology and to examine their formation, semantic features, and patterns of usage in Kazakh and English. Particular attention is given to the role of eponyms in conveying cultural meanings and historical knowledge. The study employs linguocultural analysis, etymological analysis, and comparative methods, together with both qualitative and quantitative approaches to linguistic data. The research material includes eponymous units found in various scientific fields and in general language use. The results demonstrate that eponyms should be considered not only as terminological units but also as linguistic phenomena that carry cultural and cognitive meanings. They arise from historical personalities, cultural experience, and social transformations and gradually become integrated into everyday language. The findings also show that globalization, intercultural interaction, and historical and political changes significantly influence the development and spread of eponyms. The research highlights the importance of studying eponyms within linguoculturology and clarifies their role in representing national cultural codes. The results may contribute to further studies in linguistics, onomastics, and cultural research.

**Keywords:** eponym; linguoculturology; proper noun; common noun; national cultural code

**For citation:** Myrzakhanova, D., Taubayev, Zh. Trends in the Study of Eponyms in Linguocultural Research. *Tiltanym*, 2026. No. 1 (101). Pp. 124-134. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-124-134>

### Кіріспе

Эпонимдер, әсіресе қазақ тіліндегі эпонимдер, лингвомәдениеттану аясында жан-жақты зерттеуді қажет ететін тілдік бірліктер қатарына жатады. Қазіргі тіл білімінде эпонимдерді зерттеу мәселесі толықтай назардан тыс қалды деуге болмайды. Дегенмен бұл құбылыстың тілдік әрі мәдени ауқымы кең. Осы жағдай аталған бағытта жүйелі әрі терең зерттеулер жүргізу қажеттігін көрсетеді. Эпонимдер қазақ тілінде де, шет тілдерде де күнделікті қолданыста кездеседі. Олар әртүрлі ғылыми салада термин ретінде де қызмет етеді. Сондықтан эпонимдерді лингвомәдениеттану тұрғысынан қарастыру тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты түсіндіруге мүмкіндік береді.

«Эпонимия» лингвистикалық терминін ғалымдар жалқы есімнің жалпы есімге ауысу үдерісімен байланысты түсіндіреді. Лингвист О.С. Ахманова белгілі бір ұғымның, оқиғаның, құбылыстың немесе нысанның оны жасаған не соған қатысты тұлғаның есімімен аталуы эпоним ұғымын білдіретінін жазады. Эпонимдердің полисемантикалық сипаты зерттеушілердің бұл құбылысқа деген қызығушылығын күшейтті. В.М. Лейчик «Обсуждение проблем эпонимии в современной науке» атты еңбегінде ХХ ғасырдың 60-70 жылдары «эпоним» термині көптеген тілде арнайы ғылыми мақсатта кең қолданылғанын атап өтеді. Ғалым эпоним ұғымын белгілі бір нысанды немесе үдерісті ойлап тапқан адамның есімімен байланысты атаумен ғана шектемейді. Уақыт өте келе сол нысанның немесе үдерістің атауы тілдік бірлікке айналатынын көрсетеді (Ахманова, 2007: 127). Ал ресейлік лингвист В.Д. Стариченок эпонимдерді жалқы есім негізінде қалыптасқан сөздер мен сөз тіркестері ретінде сипаттайды (Старичёнок, 2008: 410). Бұл анықтамалар эпонимия құбылысының мәнін айқындауға мүмкіндік береді.

Эпонимия мәселесі тек лингвистикада ғана емес, ғылымның басқа салаларында да кең қарастырылып келеді. Мысалы, географияда жалқы есімдерден туындаған көптеген эпонимдер кездеседі. Олардың қатарына Бисмарк архипелагы, Соломон аралдары, Жаңа Ганновер сияқты атаулар жатады. Сонымен бірге ғылым мен техника саласында да эпонимдердің үлесі елеулі. Мәселен, халықаралық қолданысқа енген «дизель» терминін 1893 жылы неміс ғалымы Рудольф Кристиан Дизель өз атына патенттеген. Ал «бертолет» тұзы 1785 жылы француз химигі Клод Луи Бертолле ашқан қосылыс ретінде белгілі. Көркемөнер саласында қолданылатын «силуэт» термині XVIII ғасырда өмір сүрген Францияның қаржы министрі Этьен де Силуэттің есімімен байланысты (Шелов, Лейчик, 2007: 53).

Эпонимдер лексикалық бірлік ретінде тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде қалыптасқан. Адамзат өркениетінің алғашқы дәуірлерінде белгілі тұлғалардың есімімен қалаларды, мемлекеттерді немесе географиялық нысандарды атау дәстүрі кең тараған (Lexicon publication, 1988: 17). Мысалы, антикалық дәуірде ай атаулары да тарихи тұлғалардың есімімен байланысты аталған. Август (тамыз) айы император Августтың есімімен байланысты. Июль (шілде) айы император Юлийдің құрметіне қойылған. Сонымен қатар Афины қаласының атауы ежелгі грек құдайы Афинаның атымен байланысты. Эгей теңізі эпостық кейіпкер Эгейдің есімімен аталған (Ахманова, 2007: 127).

Қазіргі кезеңде эпоним ұғымы ғылыми терминологияда кең тарады. Бүгінде бұл атау медицинада белгілі бір аурудың немесе анатомиялық құрылымның атауын білдіреді. Сонымен қатар жаратылыстану ғылымдарында заңдардың, теориялардың немесе әдістердің атауы ретінде де қолданылады. Яғни эпонимдер бұрынғыдай тек адамның есімімен байланысты атаулармен шектелмейді. Олар ғылыми нысандар мен үдерістердің тұрақты терминологиялық атауына айналды (Ражина, 2007: 13).

Соған қарамастан, отандық лингвомәдениеттану саласында эпонимдерді жүйелі түрде зерттеу жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Мәселен, Г.Б. Мадиеваның «Имя собственное в контексте познания» атты монографиясында 1949-2019 жылдар аралығында жүргізілген ономастикалық зерттеулердің хронологиясы берілген. Бұл деректер эпонимдер мәселесіне арналған арнайы зерттеулердің саны өте аз екенін көрсетеді (Мадиева, 2019: 274). Осы жағдай эпонимдерді лингвомәдениеттану тұрғысынан терең зерттеу қажеттігін айқындайды.

Зерттеудің объектісі – эпонимдік тілдік бірліктер. Зерттеудің пәні – эпонимдердің лингвомәдени және семантикалық ерекшеліктері.

Зерттеудің мақсаты – эпонимдердің лингвомәдениеттанудағы орнын анықтау, олардың қалыптасу ерекшеліктерін, семантикалық сипатын және қазақ тіліндегі қолданыс аясын талдау.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі міндеттер қойылды:

- эпоним ұғымының теориялық негіздерін қарастыру;
- эпонимдердің қалыптасу жолдарын анықтау;
- эпонимдердің мәдени және тілдік ерекшеліктерін талдау;
- қазақ тіліндегі эпонимдердің қолданылу ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеу барысында лингвомәдени талдау, салыстырмалы талдау, этимологиялық талдау және сипаттамалық әдістер қолданылды.

Зерттеу гипотезасы: эпонимдер тек номинативтік қызмет атқарумен шектелмейді. Олар белгілі бір тарихи кезеңнің мәдени тәжірибесін, ұлттық дүниетанымын және қоғамдық құндылықтарын бейнелейтін лингвомәдени құбылыс ретінде көрінеді.

Жұмыстың ғылыми мәні эпонимдерді лингвомәдениеттану тұрғысынан талдау арқылы олардың ұлттық мәдени кодты танытудағы рөлін айқындаумен байланысты.

### **Материал және әдістер**

Зерттеу жұмысы лингвомәдениеттану аясында эпонимдердің қалыптасуы мен қолданыс ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Зерттеу мәселесі эпонимдердің қазақ тіліндегі терминологиялық және мәдени қызметін айқындау қажеттілігімен байланысты. Қазіргі қазақ тіл білімінде эпонимдерді жүйелі түрде талдаған зерттеулердің саны аз. Осы жағдай зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді және эпонимдерді лингвомәдени тұрғыдан қарастыруды қажет етеді.

Зерттеу гипотезасы: эпонимдер тек атау қызметін атқарумен шектелмейді. Олар белгілі бір тарихи кезеңнің мәдени тәжірибесін, қоғамдық құндылықтарын және ұлттық дүниетанымын бейнелейтін лингвомәдени бірліктер ретінде тілдік жүйеде маңызды орын алады.

Зерттеу материалы ретінде эпонимдік сипаттағы тілдік бірліктер пайдаланылды. Талдауға әртүрлі ғылыми салаларда және қоғамдық қолданыста кездесетін шамамен 50 эпонимдік атау енгізілді. Бұл материалдар қазақ және шетел тіл білімінде жарияланған ғылыми еңбектерден, сондай-ақ бірқатар терминологиялық және түсіндірме сөздіктерден іріктелді. Материалды іріктеу барысында эпонимдердің шығу тегі, мағынасы және қолданылу аясы ескерілді.

Зерттеу материалдары ретінде отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың эпонимдер мәселесіне арналған еңбектері қолданылды. Атап айтқанда, Ғ. Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі», М.Г. Блаудың «Судьба эпонимов. 300 историй происхождения слов» анықтамалық-сөздігі, «Словарь эпонимических названий болезней и синдромов», М.К. Хамраевтың «Краткий словарь терминов тюркоязычных литератур» еңбегі, сондай-ақ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының қатысуымен құрастырылған «Орфографиялық сөздік» пайдаланылды. Сонымен бірге Е.М. Какзанованың «Лингвокогнитивные и культурологические особенности научного дискурса» атты диссертациялық жұмысының материалдары да зерттеу барысында ескерілді.

Зерттеу бірнеше кезең бойынша жүргізілді. Бірінші кезеңде эпоним ұғымының теориялық негіздері қарастырылып, ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды. Екінші кезеңде эпонимдік тілдік бірліктер іріктеліп, олардың шығу тегі мен семантикалық ерекшеліктері анықталды. Үшінші кезеңде эпонимдердің лингвомәдени сипаты талданып, олардың тілдік қолданыстағы қызметі сипатталды.

Зерттеу барысында жалпы ғылыми және арнайы лингвистикалық әдістер қолданылды. Жалпы ғылыми әдістер қатарына талдау, синтез, жинақтау, іріктеу, дедуктивті және индуктивті тәсілдер енгізілді. Сонымен қатар эпонимдерді зерттеу кезінде лингвомәдени талдау, этимологиялық талдау, квалитативті талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер эпонимдердің шығу тегін, мағыналық ерекшеліктерін және мәдени мазмұнын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері эпонимдердің тілдік жүйеде мәдени ақпаратты сақтаушы және тарихи жадты жеткізуші лингвомәдени бірліктер екенін көрсетеді. Сонымен қатар эпонимдердің қалыптасуы мен таралуына тарихи, мәдени және әлеуметтік факторлардың әсер ететіні анықталды.

### **Әдебиетке шолу**

Эпонимдердің басым бөлігі ғылыми терминдер ретінде қалыптасқан сөздер қатарына жатады. Оларды зерттеу мәселесі лингвистикада «эпоним терминдерінің проблемасы» деген атаумен белгілі. Қазіргі уақытта бұл бағытта көптеген диссертациялық зерттеулер, ғылыми мақалалар, монографиялар және арнайы сөздіктер жарық көрген. Олардың ішінде М.Г. Блау, В.Н. Губин, С.Б. Королев, Р.П. Самусев, Л.П. Чурилов, В.Д. Рязанцев, Е.М. Какзанова және А.Азимов еңбектері лингвистика саласында кеңінен танымал.

Эпонимдердің қалыптасу үдерісін және олардың жалпы тілдік қолданысқа ену жолдарын нақтырақ түсіндіру үшін бірнеше мысалға назар аударуға болады. Мәселен, «никотин» атауы Португалиядағы Франция елшісі Жан Никоның есімімен байланысты (1558 ж.). «Фаренгейттің сынап термометрі» атауы неміс физигі Габриэль Даниэль Фаренгейттің есімінен шыққан (1714 ж.). Ал «Цельсий шкаласы» швед астрономы Андерс Цельсийдің есімімен байланысты (1742 ж.) (Азимов, 2006: 163). Сонымен қатар физика ғылымында қолданылатын *джоуль*, *ампер*, *сименс* сияқты атаулар да белгілі ғалымдардың есімдерінен қалыптасқан эпонимдік терминдер қатарына жатады.

Эпонимдердің маңызды ерекшеліктерінің бірі – олардың бастапқы этимологиялық негізінің уақыт өте келе ұмытылуы. Көп жағдайда жалқы есім жалпы есімге айналып кетеді. Мысалы, жұқпалы венерологиялық ауру атауы ежелгі Римдегі көктем мен бау-бақша құдайы Венераның есімімен байланысты екені немесе рентген сәулесінің атауы неміс ғалымы Вильгельм Конрад Рентгеннің есімімен байланысты екені көпшілікке әрдайым белгілі бола бермейді.

Кейбір зерттеушілер эпонимдерді басқа лексикалық бірліктермен байланыстыра қарастыру

қажет деген пікір айтады. Мәселен, В.А. Татарин эпонимдерді бірнеше топқа бөліп зерттеу тиімді екенін көрсетеді. Ғалым эпонимдерді авторлық терминдер, адамның есімімен байланысты терминдер, персонимдер және эпонимдік терминдер деп жіктейді.

Ал З.И. Комарова «Лингвомәдениет саласындағы термин-эпонимдер» (2016) атты еңбегінде термин мен онимнің бірігуі арқылы қалыптасқан атауларды терминоним деп атауды ұсынады. Мысалы, Саргасс теңізі, Қаратеңіз дельфины, Ваккернагель заңы сияқты атаулар осы топқа жатады (термин + оним).

Эпонимдердің мәдени қызметі де ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылған. Бұл мәселе көптеген зерттеушілердің еңбектерінде көрініс табады. Мәселен, жалқы есімдерді зерттеу аясында эпонимдердің мәдени аспектісін В.А. Виноградов пен Н.В. Васильева өз еңбектерінде талдайды. Дегенмен отандық лингвистикада эпонимдерді лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу әлі де жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Қазіргі зерттеулердің басым бөлігі саясат, медицина және анатомия салаларындағы эпонимдерге арналған.

Е.М. Какзанова жалқы есім мен жалпы есімнің өзара байланысы негізінде қалыптасқан терминдерді эпоним деп сипаттайды. Ғалым өз диссертациялық жұмысында эпонимдерді лингвомәдени дискурс тұрғысынан талдайды. Сонымен қатар термин-эпонимдерді уникум есімдер деп атап, жалқы есімдердің ерекше мәдени және тарихи ақпарат тасымалдау қабілетін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, термин-эпонимдердің қалыптасуында жалқы есімдердің рөлі ерекше. Мұндай атаулар тарихи оқиғаларды, белгілі тұлғаларды немесе мәдени құбылыстарды еске түсіретін тілдік ескерткіш қызметін атқарады (Какзанова, 2011: 115).

Эпонимдердің кең таралуының бір себебі – арнайы ғылыми терминологияда қолданылуы. Әсіресе медицина саласында эпонимдік атаулар өте көп кездеседі. Мысалы, *Альцгеймер ауруы*, *Паркинсон дерті*, *Даун синдромы* сияқты атаулар белгілі ғалымдардың есімдерімен байланысты. Осыған байланысты медицина саласына арналған эпонимдік сөздіктер де жеткілікті. Кейбір сөздіктерде 650 термин тіркелсе (Чурилов, 2010: 225), басқа басылымдарда 2300-ге дейін эпонимдік атау қамтылған (Нобель Пресс, 2013: 447).

Ғылыми әдебиеттерде эпонимдердің ғылыми терминологиядағы орны туралы пікірталастар да кездеседі. Кейбір зерттеушілер эпонимдерді ғылыми терминологиядан алып тастау қажет деген пікір білдіреді. Мысалы, А. Войводт и Э. Маттесон эпонимдердің ғылыми терминдер ретінде қолданылуы кей жағдайда тарихи және этикалық мәселелер тудыруы мүмкін екенін көрсетеді (Woowodt, Matteson, 2007). Ал Джудит Энн Уитворт эпонимдерді толықтай алып тастау ғылыми дәстүр мен ғылым тарихындағы тұлғалардың рөлін елемеуге әкелуі мүмкін екенін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, эпонимдер ғылым тарихының маңызды мәдени және танымдық белгісі ретінде сақталуы қажет (Whitworth, 2007).

Ж.Т. Таубаев эпонимдерді анықтаудың үш негізгі критерийін көрсетеді. Біріншіден, эпоним құрамында антропоним, топоним немесе мифоним сияқты жалқы есім болады. Екіншіден, эпонимдер кей жағдайда метонимиялық ауысу арқылы аффикссіз жасалады. Үшіншіден, кейбір эпонимдер жалқы есімге қосылған арнайы аффикстер арқылы қалыптасады. Мұндай атаулар ғылыми терминологияда кең қолданыс табады (Таубаев, 2019: 104).

Отандық зерттеушілер арасында эпоним мәселесіне назар аударған ғалымдар да бар. Олардың қатарында Х.Ә. Қарабаева мен Ғ. Қалиев еңбектерін атап өтуге болады. Ғ. Қалиев «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» эпоним ұғымына елді мекендер, жер-су атаулары және басқа да нысандардың адамның есімімен аталуын жатқызады. Ғалым Абай ауданы мен Екатеринбург қаласының атауын осы құбылыстың мысалы ретінде келтіреді (Қалиев, 2005: 123).

Х.Ә. Қарабаева қазақ тіл білімінде эпонимдердің арнайы зерттелмегенін атап өтеді. Ғалымның пікірінше, қазіргі қазақ тіліндегі академиялық басылымдарда эпонимдер туралы деректер өте сирек кездеседі. «Адам аттарының терминденуі» атты мақаласында зерттеуші жалқы есімдердің эпоним жасау үдерісіндегі рөлін қарастырады. Ғалым эпонимдер тек антропонимдермен шектелмейтінін, олардың қатарына мифонимдер, этнонимдер, топонимдер және басқа да жалқы есім түрлері енуі мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар соңғы зерттеулерде эпонимдердің марапат атаулары мен өндіріс орындарының атауларында да қолданылатыны айтылған. Мысалы, *Ferrari* атауы компанияның негізін қалаушы Энцо

Ферраридің есімімен байланысты (Қарабаева, 2016: 146).

Зерттеушілердің пікірінше, эпонимдердің тағы бір ерекшелігі – олардың интернационалдық сипаты. Көптеген эпонимдік атаулар ұлттық тіл шеңберінен шығып, халықаралық ғылыми терминология құрамына енеді. Мысалы, *Менделеев кестесі*, *Гиппократ анты*, *Ом заңы*, *Ньютон заңы*, *Боткин ауруы* сияқты атаулар әртүрлі тілде бірдей қолданылады.

Тіл біліміне қатысты қазақ сөздіктерінде де эпонимдік сипаттағы атаулар кездеседі. Олардың қатарында *Александрия мектебі*, *Виноградов мектебі*, *Йель мектебі*, *Ленинград фонология мектебі*, *Петербург фонология мектебі*, *Мәскеу фонология мектебі*, *Лондон мектебі*, *Прага лингвистикалық мектебі*, *Париж тіл қоғамы*, *Копенгаген лингвистикалық үйірмесі*, *Гримм заңы*, *Гумбольдт ілімі*, *Сепир-Уорф гипотезасы*, *Вернер заңы* және басқа да атаулар бар (Қарабаева, 2016: 146).

Сонымен қатар қазақ тілінің сөзжасам жүйесін зерттеу барысында М.К. Хамраевтың «Краткий словарь терминов тюркоязычных литератур» атты еңбегіне назар аударуға болады (Хамраев, 1966: 52). Бұл сөздікте түркі тілдес халықтарға ортақ 160 термин берілген. Олардың ішінде *Абай өрнегі*, *Абай өлеңі*, *Абай шумағы*, *Абай сегізаяғы* сияқты эпонимдік атаулар кездеседі. Бұл мысалдар қазақ тіл білімінде және түркітану саласында қолданылатын эпонимдердің саны аз емес екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, эпонимдердің лингвомәдениеттанудағы зерттелу тенденциясын қарастырғанда Х.Ә. Қарабаеваның тұжырымдары ерекше назар аударуға тұрарлық. Ғалым эпонимдерді мәдени және тарихи ақпарат сақтайтын тілдік бірлік ретінде сипаттайды. Әлемдік прецедентті есімдер негізінде қалыптасқан эпонимдік атаулар тарихи және мәдени білімнің маңызды көзі саналады. Мұндай атаулар белгілі бір кезеңнің мәдени құндылықтарын сақтап, ұлттың рухани әлемін танытады (Әшімханова, 2007: 21).

Эпонимдерді зерттеу тек тілдік құбылысты сипаттаумен шектелмейді. Ол халықтың мәдени тәжірибесін, дүниетанымын және тарихи жадын түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда эпонимдерді лингвомәдениеттану аясында қарастыру ғылыми зерттеудің маңызды бағыттарының бірі саналады.

Лингвомәдениеттану латынның *lingua* – тіл, *cultura* – мәдениет және *logos* – ілім сөздерінен құралған термин. Бұл бағыт тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейді. Лингвомәдениеттану тіл арқылы көрініс табатын мәдени құндылықтарды, ұлттық дүниетанымды және тарихи тәжірибені талдауға мүмкіндік береді. В.В. Воробьев лингвомәдениеттануды тіл мен мәдениеттің өзара әрекетін зерттейтін кешенді ғылыми бағыт ретінде сипаттайды (Воробьев, 2008: 187). Осы тұрғыдан қарағанда эпонимдер тілде сақталған мәдени ақпараттың ерекше түрі ретінде лингвомәдениеттану зерттеулерінің маңызды нысаны саналады.

### **Нәтижелер және талқылау**

Эпонимдердің шығу тегі мен сипаттамасын зерттеу барысында бұл термин сөздер қазақ тілінің терминологиясында әлі де өзінің тиісті орнын ала алмай отырғанын байқадық. Халық арасында кең таралған сөздер, өзге тілден енген сөздер, әлемдік жаппай көші-қон үдерістері, жаһандану құбылыстары, сондай-ақ тарихи-саяси өзгерістер халықтың сөз қолданысына әсер еткенін және әсер ете беретінін ескерсек, жаңа қазақ лингвомәдениеттануындағы эпоним сөздердің аясы кеңейе түсетініне талас жоқ.

Эпонимдердің этнолингвистикалық және лингвомәдениеттанымдық зерттелуі олардың семантикасы мен этимологиясын, әр халықтың сөз құраушы құрылымдарына талдау жасау арқылы мүмкін болмақ. Осы ретте ғалым жалқы есімдер тарихқа ғана емес, ұлттық ерекшеліктерге қарай да өте мазмұнды болып келеді деген ойын жеткізген.

«Ұлттық ономастикондардың ерекшеліктері олардың қай тілге жататынына ғана емес, сонымен бірге белгілі бір ұлттық онимия пайда болып, қалыптасқан ортаға тән ұлттық мәдениеттің спецификасына шартталған. Демек, жалқы есімдердің ұлттық спецификасының негізін, түп тамырын халықтың ұлттық мәдениетінен іздеу керек» (Мадиева, 2005: 163).

Бұл ретте эпонимдердің бір бөлігі саналатын эпонимдердің лингвомәдениет аясындағы пайда болу, қалыптасуы да ұлттың тілдік, мәдени ерекшеліктеріне сай жүзеге асады деп санау орынды-ақ. Бұл ретте Г.Б. Мадиева белгілі бір тілдік социумда қалыптасқан және қолданылатын, мысалы,

Қазақстанда және қазақ тілді ортада қалыптасқан онимдер нақты бір лингвомәдени ортаның, қоғамдастықтың меншігі болып саналуы мүмкін екенін айтады. Е.А. Керімбаев болса, жалқы есімдердің мәдени-ұлттық табиғатына тоқтала келе: «Кез келген халыққа тән онимиясының ішінде сол халыққа тән орасан зор ақпараттық мәдени-тарихи әлеует жатыр. Жалқы есімдерді қоғамның типтік және спецификалық ұлттық-мәдени сипатын анықтау аясында мәдениет тарихын қарастыру ономастикадағы өнімді және нәтижелі зерттеу болар еді», – деген пікір білдіреді (Мадиева, 2005: 174).

Ресей ғалымы В.А. Ражина: «Лингвомәдениеттанудың ономастикалық материалға қатысты негізгі міндеті табиғи тіл бірліктерінің мәдени кодтың мәдени семантикасымен өзара әрекеттесу механизмдерін зерттеу мен сипаттау», – деп көрсетеді.

«Тілдік ескерткіштер» саналатын эпонимдер замананың тұтас бір келбеті десек артық айтпаспыз. Е.М. Какзанованың айтуынша, термин-эпонимдер когнитивтік категория ретінде қарастырылуы мүмкін, себебі олар ғылым тарихы аясындағы танымға әсер етеді. Әлдебір терминнің ғылыми концептісін анықтау үшін терминологиялық семантиканың ерекшеліктерін ескеру қажет (Какзанова, 2011: 112).

Бұл ретте эпоним-терминдердің, оның ішінде математикалық және медициналық эпоним-терминдердің материалы негізінде жазылған Какзанова Евгения Михайловнаның «Лингвокогнитивные и культурологические особенности научного дискурса» атты диссертациялық еңбегінен (2011) және өзге де жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінен 50-ге жуық термин сөз алып, зерттеуге тырыстық. Олардың ішінде бүкіл әлем халқына ортақ сөздер де жоқ емес. Көбінесе олар танымал брендтерге, ұлт атауларына, кісі есімдеріне қатысты және бұл сөздердің барлығы қазақ халқының сөз қолданысына мықтап енген.

Іріктеу барысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөздіктер пайдаланылды. Сонымен қатар қазақ тіліндегі «Орфографиялық сөздік» (2013), бірқатар шетелдік сөздіктер және «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» қарастырылды.

Олардың ішінде жалқы есімдерден тарайтын: «Черч теоремасы», «Черч гипотезасы», «Черч-Тьюринг тезисі», «Конвей ойыны», «Корню спиралі», «Кулон заңы», «Дирак функциясы», «Эренфест моделі», «Фарадей заңы», «Аристотель логикасы», «Брауни тәсілі», «Кассирер елесі» және т.б. бар.

Бұл ретте америкалық ғалым Алонзо мұндай терминдерді екі түрге жіктеуді ұсынғанын да назарда ұстадық. Олар:

- шынайы антропонимдер;
- ойдан шығарылған (аңыз, мифтік, ертегі) антропонимдер.

Сонымен қатар ғалым эпоним сөздердің пайда болуына тек математик ғалымдар ғана емес, ғылымның барлық дерлік саласында еңбек еткен ғалымдардың есімдері негіз болғанын атап өтеді.

В.М. Лейчик арнайы лексика құрамындағы жалқы есімдердің жалпы тілдік жүйедегі жалқы есімдерден біршама айырмашылықтары бар екенін көрсетеді (Лейчик, 2011: 95). Мұндай атаулар саяси дискурста, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың атауларында немесе маңызды тарихи оқиғалар мен кезеңдерді белгілеуде қолданылуы мүмкін.

Е.М. Какзанова эпоним-терминдерді ассоциативті терминдер қатарына жатқызады. Оның пікірінше, мұндай сөздер көбінесе тура емес, жанама мағынада қолданылады (Какзанова, 2011: 162).

С.Е. Никитинаның пікірінше, терминологиялық атаулардың басты дереккөздерінің бірі – метафоралар (Никитина, 1993: 98). Дегенмен Е.М. Какзанова өз еңбегінде математикалық және медициналық эпонимдерде метафоралық апеллятивтердің сирек кездесетінін атап көрсетеді. Мысалы, «фрактал» және «фракталды геометрия» терминдері ХХ ғасырдың 70-жылдары пайда болды. Бұл атау латынның *fractus* сөзінен шыққан, мағынасы – «фрагменттерден тұратын». Бұл терминді 1975 жылы Бенуа Мандельброт ұсынған. Ғалым фракталды геометрия терминдерінің бір бөлігі тұрмыстық заттардың атауынан алынғанын көрсетеді. Мысалы: Schneeflocken – қар түйіршіктері, Minkowski-Wurst – Минковский шұжығы, Sierpinski-Teppich – Серпинский кілемі, Fatou-Staub – Фату шаңы, Levy-Staub – Леви шаңы.

Ring, Verband және Punkt сияқты метафоралық апеллятивтер медициналық және математикалық терминжүйеде де кездеседі: Waldeyer-Rachenring – Frobenius Ring, Gilchristverband – Dedekindscher Verband және Vogler-Punkte – Gergonnescher Punkt.

«Адамның қызметі» деп аталатын метафоралық модель математика мен медицинаның антропоцентристік сипатын көрсетеді. Ғалым бұл ойын адамның дене мүшелерін білдіретін терминдердің көптігімен толықтырады.

Ағылшын және неміс тілдерінде мынадай атаулар кездеседі: arm – иық, elle – білек немесе өлшем бірлігі, Fuß – минималды белгіш, Kopf – бас, Locke – шаштың бұйрасы, Rumpf – дене, Scheitel – төбе (бұрыштың), Schenkel – жақ (бұрыштың), Sehne – хорда, Sohle – негіз, Zopf – бұрым.

Ұқсас атаулар қазақ тілінде де бар: *бір қарыс, бір елі, шынтақ, құлаш, сүйем*.

Эпонимдердің жалқы есімге негізделіп жасалғандары бас әріппен жазылады (Никитина, 1993: 14). Дегенмен халық санасына әбден сіңіп, жалпыхалықтық қолданыста жалпы ұғымды білдіретін жағдайда олар кіші әріппен жазылуы мүмкін. Мысалы: *рентген, бойкот, мавзолей, памперс, шағатай тілі*.

Француз офицері Николя Шовеннің есімі негізінде «шовинизм» ұғымы қалыптасқан. Бұл атау өз ұлтын өзгелерден жоғары қоятын көзқарасты білдіреді (Блау, 2010: 76).

Эпонимдердің тағы бір ерекшелігі – интернационалдық сипаты. Мысалы, *Нобель сыйлығы, Оскар сыйлығы, джип көлігі* сияқты атаулар көптеген тілде кең қолданылады (Меженина, 1982: 78).

Эпонимдер қалыптасу сипатына қарай екі топқа бөлінеді:

- мотивациясы төмен эпоним-терминдер;
- мотивациясы жоғары эпоним сөздер.

Мысалы, Пифагор теоремасы ғалым қайтыс болғаннан кейін екі ғасыр өткен соң ғана осылай аталған. Ал Макдональдс немесе Мерседес-Бенц атаулары бірден танымал брендтерге айналған (Рязанцев, 1998: 194).

Зерттеу барысында 50 сөздің ішінен эпонимдерге жатқызуға болатын 8 термин іріктелді. Бұл сөздер лингвомәдениеттану аясында қарастыруға лайық деп есептейміз. Себебі олардың әрқайсысы белгілі бір кезеңнің мәдениетін, ұлттық дүниетанымын, түсініктері мен салт-дәстүрін бейнелейді. Олар:

– *Қожанасырлық, қожанасыршылау* – аңғалдық, аңқаулық. Мысалы: «Құдабай-ау, қожанасырлығың қалмайды-ау» (Қ. Жұмаділов). Бұл атау түркі халықтарына ортақ Қожанасыр кейіпкерінің есімімен байланысты.

– *Сартшылау* – сарт дәстүрлерін сақтап, сарт тілінде сөйлеу. Қазақ тілінде бұл сөз көбіне жағымсыз реңкте қолданылады.

– *Балқаш желі, Шелек соқты, Қордай желі* – географиялық ерекшелікке байланысты қалыптасқан атаулар.

– *«Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры»* – Б. Майлин шығармасынан тараған тұрақты тіркес.

– *Биг Бен* – Ұлыбритания парламенті ғимаратындағы сағат мұнарасындағы үлкен қоңыраудың атауы.

– *Даунинг стрит 10* – Ұлыбритания премьер-министрінің резиденциясы орналасқан мекенжай.

Бұл атаулар белгілі бір тарихи оқиғаға, мәдени дәстүрге немесе тұлғаға байланысты қалыптасқан. Сондықтан оларды тілдік мәдениеттің тасымалдаушы бірліктері ретінде қарастыру орынды.

### **Қорытынды**

Жүргізілген зерттеу барысында отандық және шетелдік лингвист ғалымдардың эпоним сөздерді қарастыру бағытындағы еңбектеріне талдау жасалды. Талдау нәтижелері қазақ тіліндегі эпоним сөздердің әлі де толық зерттелмегенін және олардың қазақ терминологиясы мен терминжасам жүйесінде тиісті дәрежеде орныға қоймағанын көрсетті. Эпонимдердің қолданылу аясы өте кең: олар ғылыми терминологияда, қоғамдық қолданыста, мәдени мәтіндерде және

күнделікті тілдік тәжірибеде кездеседі. Осыған байланысты қазақ тіліндегі эпонимдерді жүйелі түрде зерттеу тіл білімінің маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы қажет.

Зерттеу нәтижелері эпонимдердің тек атау қызметін атқаратын тілдік бірлік емес, белгілі бір тарихи кезеңнің мәдени тәжірибесін, қоғамдық құндылықтарын және ғылыми таным деңгейін бейнелейтін лингвомәдени құбылыс екенін көрсетеді. Эпонимдер тарихи тұлғалармен, мәдени құбылыстармен және ғылыми жаңалықтармен байланысты қалыптасып, уақыт өте келе жалпы тілдік қолданысқа енеді. Осы тұрғыдан алғанда эпонимдерді зерттеу тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, сондай-ақ ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін анықтауға мүмкіндік береді.

Орталық Азия ғалымдарының VIII-IX ғасырлардағы жаратылыстану ғылымдарының дамуына қосқан үлесі ерекше. Сол кезеңдерде қалыптасқан ғылыми атаулар мен терминдердің тарихын зерттеу де маңызды ғылыми міндеттердің бірі саналады. Бұл атаулардың бір бөлігі тарихи тұлғалардың есімдерімен байланысты қалыптасқан эпонимдік терминдер қатарына жатады. Сондықтан олардың шығу тегін анықтау ұлттық ғылыми мұраның қалыптасу жолдарын түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар халық тілінде сақталған диалект сөздердің шығу тарихын зерттеу де эпонимдердің ұлттық үлгілерін анықтауға жол ашады. Халықтық тілдік қолданыста қалыптасқан көптеген атаулар белгілі тұлғалардың есімдерімен немесе тарихи оқиғалармен байланысты болуы ықтимал. Мұндай атауларды талдау қазақ тіліндегі эпонимдердің аясын кеңейтіп, олардың мәдени және тарихи мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу қазақ тілінде әлі жүйелі түрде қарастырылмаған эпонимдердің саны едәуір көп екенін көрсетеді. Осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыру арқылы эпонимдердің семантикалық құрылымын, олардың қалыптасу ерекшеліктерін және мәдени қызметін жан-жақты сипаттауға болады. Сонымен қатар эпонимдердің тілдік жүйеге ену үдерісін зерттеу барысында олардың синонимдік, антонимдік және метафоралық байланыстарына да назар аудару қажет.

Жалпы алғанда эпонимдерді лингвомәдениеттану тұрғысынан зерттеу қазақ тіл біліміндегі өзекті ғылыми бағыттардың бірі саналады. Бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық мәдени кодты танытатын тілдік бірліктердің табиғатын түсіндіруге, қазақ тілінің терминологиялық қорын толықтыруға және әлемдік эпонимдер жүйесін зерттеуге үлес қосады.

#### Әдебиеттер

- Азимов А. Слова в науке: История происхождения научных терминов. – Москва: Центрполиграф, 2006. – 368 с.
- Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва: КомКнига, 2007. – 576 с.
- Әшімханова Ф.М. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 24 б.
- Блау М.Г. Судьба эпонимов. 300 историй происхождения слов. Словарь-справочник. – Москва: ЭНАС, 2010. – 271 с.
- Воробьев В.В. Лингвокультурология. – Москва: Изд-во РУДН, 2008. – 340 с.
- Какзанова Е.М. Лингвокогнитивные и культурологические особенности научного дискурса: автореф. ... канд. филол. наук. – Москва, 2011. – 368 с.
- Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 404 б.
- Қарабаева Х.Ә. Адам аттарының терминденуі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – №2 (160). – 145-147-бб.
- Лейчик В.М. Обсуждение проблем эпонимии в современной науке // I Международная заочная научно-практическая конференция «Язык и право: актуальные проблемы взаимодействия». – 2011. – 230 с.
- Мадиева Г.Б., Иманбердиева С.К. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы: Атамұра, 2005. – 240 б.
- Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. Монография. Издание третье, дополненное. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 274 с.
- Меженина Е.П., Куценок Я.Б., Печерский А.Г., Крук З.В. Словарь эпонимических названий болезней и синдромов. – Киев: Вища, 1982. – 184 с.
- Никитина С.Е. Устная народная культура и языковое сознание. – Москва: Наука, 1993. – 187 с.
- Орфографиялық сөздік. / құраст.: Н. Уәли, Қ. Күдерінова, А. Фазылжанова, Ж. Исаева, Н. Әміржанова, А. Әмірбекова; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тіл комитеті, ҚР Білім және ғылым министрлігі, Ғылым комитеті, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – 6-бас. – Алматы: Дәуір, 2013. – 708 б.

- Ражина В.А. Ономастические реалии: лингвокультурологический и прагматический аспекты: автореф. ... канд. филол. наук. – Краснодар, 2007. – 156 с.
- Рязанцев В. Словари школьника. Имена и названия. – Москва: Современник, 1998. – 228 с.
- Старичёнок В.Д. Большой лингвистический словарь. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 812 с.
- Таубаев Ж.Т. Эпонимдердің қазіргі өзекті лингвистикалық мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №1 (173). – 102-108-бб. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2019.v173.i1.ph25>
- Хамраев М.К. Краткий словарь терминов тюркоязычных литератур. – Алма-Ата: Мектеп, 1966. – 67 с.
- Чурилов Л.П., Колобов А.В., Строев Ю.И.; сост. О.Л. Колобова, А.М. Константинова, В.И. Утехин. Рецензия на «Толковый словарь избранных медицинских терминов (эпонимы и образные выражения)». – СПб.: Элби, 2010. – 336 с.
- Шелов С.Д., Лейчик В.М. Номенклатурные наименования как класс научно-технической лексики: состав и функции. Учебное пособие. – СПб.: СПб. гос. ун-т, 2007. – 80 с.
- Энциклопедический словарь по анатомии и физиологии человека. – Том II. К – П. – Москва: Нобель Пресс, 2013. – 840 с.
- Slabin, U. Should eponyms be kept? Emphatic yes. *Journal of Baltic Science Education*. 2023. 22(2). Pp. 188-191. <https://doi.org/10.33225/jbse/23.22.188>
- The new lexicon. Webster's encyclopedic dictionary of the English language: Canadian edition. New York: Lexicon Publication Inc., 1988. 1149 p.
- Whitworth, J.A. Should eponyms be abandoned? No. *BMJ*. 2007. 335(7617). 425 p. <https://doi.org/10.1136/bmj.39361.462035.BE>
- Woywodt, A., Matteson, E. Should eponyms be abandoned? Yes. *BMJ*. 2007. 335(7617). P. 424 p. <https://doi.org/10.1136/bmj.39274.440613.AD>

### References

- Akhmanova, O.S. (2007) Slovar' lingvisticheskikh terminov. Moskva: KomKniga. 576 s. [Akhmanova, O.S. (2007) Dictionary of linguistic terms. Moscow: KomKniga. 576 p.] (in Russian)
- Ashimhanova, F.M. (2007) Qazaq tilindegi antroponimderding lingvomadeni zhujesi: filol. gylym. kand. ... avtoref. Almaty. 24 b. [Ashimkhanova, F.M. (2007) The linguocultural system of anthroponyms in the Kazakh language: Abstract of the dis. ... Cand. of Philol. Sciences. Almaty. 24 p.] (in Kazakh)
- Azimov, A. (2006) Slova v nauke: Istorija proishozhdenija nauchnyh terminov. Moskva: Centrpoligraf. 368 s. [Azimov, A. (2006) Words in science: History of the origin of scientific terms. Moscow: Tsentrpoligraf. 368 p.] (in Russian)
- Blau, M.G. (2010) Sud'ba jeponimov. 300 istorij proishozhdenija slov. Slovar'-spravochnik. Moskva: ENAS. 271 s. [Blau, M.G. (2010) The fate of eponyms. 300 stories of word origins. Reference dictionary. Moscow: ENAS. 271 p.] (in Russian)
- Churilov, L.P., Kolobov, A.V., Stroyev, Ju.I.; sost. O.L. Kolobova, A.M. Konstantinova, V.I. Utehin (2010) Recenzija na "Tolkovyy slovar' izbrannykh medicinskih terminov (jeponimy i obraznye vyrazhenija)". SPb.: Jelbi. 336 s. [Churilov, L.P., Kolobov, A.V., Stroyev, Yu.I.; comp. O.L. Kolobova, A.M. Konstantinova, V.I. Utekhin (2010) Review of the "Explanatory dictionary of selected medical terms (eponyms and figurative expressions)". St. Petersburg: Elbi. 336 p.] (in Russian)
- Hamraev, M.K. (1966) Kratkij slovar' terminov tjurkojazychnyh literatur. Alma-Ata: Mektep. 67 s. [Khamrayev, M.K. (1966) A short dictionary of terms of Turkic-language literatures. Alma-Ata: Mektep. 67 p.] (in Russian)
- Jenciklopedicheskij slovar' po anatomii i fiziologii cheloveka (2013). Tom II. K – P. Moskva: Nobel' Press. 840 s. [Encyclopedic dictionary of human anatomy and physiology (2013). Vol. II. K – P. Moscow: Nobel Press. 840 p.] (in Russian)
- Kakzanova, E.M. (2011) Lingvokognitivnye i kul'turologicheskie osobennosti nauchnogo diskursa: Avtoref. kand. filol. nauk. Moskva. 368 s. [Kakzanova, E.M. (2011) Linguocognitive and culturological features of scientific discourse: Abstract of the dis. ... Cand. of Philol. Sciences. Moscow. 368 p.] (in Russian)
- Lejchik, V.M. (2011) Obsuzhdenie problem jeponimii v sovremennoj nauke. I Mezhdunarodnaja zaochnaja nauchno-prakticheskaja konferencija «Jazyk i pravo: aktual'nye problemy vzaimodejstvija». 230 s. [Leichik, V.M. (2011) Discussion of the problems of eponymy in modern science. I International Correspondence Scientific and Practical Conference "Language and Law: Current Problems of Interaction". 230 p.] (in Russian)
- Madiyeva, G.B., Imanberdieva, S.K. (2005) Onomastika: zertteu maseleleri. Almaty: Atamura. 240 b. [Madiyeva, G.B., Imanberdiyeva, S.K. (2005) Onomastics: research issues. Almaty: Atamura. 240 p.] (in Kazakh)
- Madiyeva, G.B. (2019) Imja sobstvennoe v kontekste poznanija. Monografija. Izdanie tret'e, dopolnennoe. Almaty: Qazaq universiteti. 274 s. [Madiyeva, G.B. (2019) Proper name in the context of cognition. Monograph. Third revised edition. Almaty: Kazakh University. 274 p.] (in Russian)
- Mezhenina, E.P., Kucenok, Ja.B., Pecherskij, A.G., Kruk, Z.V. (1982) Slovar' jeponimicheskikh nazvanij boleznej i sindromov. Kiev: Vishcha. 184 s. [Mezhenina, E.P., Kutsenok, Ya.B., Pecherskiy, A.G., Kruk, Z.V. (1982) Dictionary of eponymous names of diseases and syndromes. Kiev: Vishcha. 184 p.] (in Russian)
- Nikitina, S.E. (1993) Ustnaja narodnaja kul'tura i jazykovoje soznanie. Moskva: Nauka. 187 s. [Nikitina, S.E. (1993) Oral folk culture and linguistic consciousness. Moscow: Nauka. 187 p.] (in Russian)
- Orfografijalyq sozdik (2013) / Qurast.: N. Uali, Q. Kuderinova, A. Fazylzhanova, Zh. Isaeva, N. Amirzhanova, A. Amirbekova; QR Madeniet zhane aqparat ministriliginig til komiteti, QR Bilim zhane gylym ministriligi, Gylym komiteti, A.

- Bajtursynuly atyndagy Til bilimi instituty. 6-basp. Almaty: Daur. 708 b. [Spelling dictionary. (2013) / Comp.: N. Uali, Q. Kuderinova, A. Fazylzhanova, Zh. Isayeva, N. Amirzhanova, A. Amirbekova; Language Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan, Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Science Committee, A. Baitursynuly Institute of Linguistics. 6th ed. Almaty: Daur. 708 p.] (in Kazakh)
- Qaliev, G. (2005) Til bilimi terimderining tusindirme sozdigi. Almaty: Sozdik-Slovar'. 404 b. [Qaliyev, G. (2005) Explanatory dictionary of linguistic terms. Almaty: Sozdik-Slovar'. 404 p.] (in Kazakh)
- Qarabaeva, H.A. (2016) Adam attarynyng terimdenui. QazUU Habarshysy. Filologiya serijasy. No. 2 (160). 145-147-bb. [Qarabayeva, Kh.A. (2016) Terminologization of personal names. KazNU Bulletin. Philology Series. No. 2 (160). Pp. 145-147.] (in Kazakh)
- Razhina, V.A. (2007) Onomasticheskie realii: lingvokul'turologicheskij i pragmaticheskij aspekty: Avtoref. kand. filol. nauk. Krasnodar. 156 s. [Razhina, V.A. (2007) Onomastic realities: linguocultural and pragmatic aspects: Abstract of the dis. ... Cand. of Philol. Science. Krasnodar. 156 p.] (in Russian)
- Rjazancev, V. (1998) Slovarei shkol'nika. Imena i nazvaniya. Moskva: Sovremennik. 228 s. [Ryazantsev, V. (1998) School dictionaries. Names and titles. Moscow: Sovremennik. 228 p.] (in Russian)
- Shelov, S.D., Lejchik, V.M. (2007) Nomenklaturnye naimenovaniya kak klass nauchno-tehnicheskoy leksiki: sostav i funkcii. Uchebnoe posobie. SPb.: SPb. gos. un-t. 80 s. [Shelov, S.D., Leichik, V.M. (2007) Nomenclature names as a class of scientific and technical vocabulary: composition and functions. Textbook. St. Petersburg: St. Petersburg State University. 80 p.] (in Russian)
- Slabin, U. (2023) Should eponyms be kept? Emphatic yes. Journal of Baltic Science Education. 22(2). Pp. 188-191. <https://doi.org/10.33225/jbse/23.22.188>
- Starichjonok, V.D. (2008) Bol'shoj lingvisticheskij slovar'. Rostov-na-Donu: Feniks. 812 s. [Starichyonok, V.D. (2008) Large linguistic dictionary. Rostov-on-Don: Feniks. 812 p.] (in Russian)
- Taubaev, Zh.T. (2019) Jeponimderding qazirgi ozekti lingvistikalyq maseleleri. QazUU Habarshysy. Filologiya serijasy. No. 1 (173). 102-108-bb. [Taubayev, Zh.T. (2019) Current topical linguistic issues of eponyms. KazNU Bulletin. Philology Series. No. 1 (173). Pp. 102-108.] <https://doi.org/10.26577/EJPh.2019.v173.i1.ph25> (in Kazakh)
- The new lexicon. Webster's encyclopedic dictionary of the English language: Canadian edition. (1988) New York: Lexicon Publication Inc. 1149 p.
- Vorob'ev, V.V. (2008) Lingvokul'turologiya. Moskva: Izd-vo RUDN. 340 s. [Vorobyev, V.V. (2008) Linguoculturology. Moscow: RUDN Publishing House. 340 p.] (in Russian)
- Whitworth, J.A. (2007) Should eponyms be abandoned? No. BMJ. 335(7617). 425 p. <https://doi.org/10.1136/bmj.39361.462035.BE>
- Woywodt, A., Matteson, E. (2007) Should eponyms be abandoned? Yes. BMJ. 335(7617). 424 p. <https://doi.org/10.1136/bmj.39274.440613.AD>

*Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article*

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 09.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 29.03.2026.

© Мырзаханова Д.Е., Таубаев Ж.Т., 2026

